

Теория мен тәжірибе ұштасса ғана ұштарымыз анық

Таяуда Қостанай облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің Қостанай қаласы қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметі базасында қылмыстық, қылмыстық-атқару құқығы және криминология кафедрасымен бірге «Пробациялық бақылаудың және пробация қызметінің қазіргі жағдайы» тақырыбында кездесу өтті.



Кездесу кафедраның бастамасымен 2014-2015 оқу жылына арналған Академияның негізгі ісшаралар жоспарына сәйкес ұйымдастырылып отыр. Мәжіліске ҚҚАҚЖК кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамы және Қостанай қаласы ҚАИ пробация қызметінің жеке құрамы қатысты.

Мәжілістің күн тәртібінде пробация қызметіне қатысты мәселелі сұрақтар, заңнамадағы кеткен ақаулар, пробация қызметінде білікті мамандардың жетіспеушілігі, пробация қызметіндегі материалды-техникалық құралдармен қамтамасыз ету, сотталғандарға әлеуметтік көмек көрсету мәселелері талқыланды.

Мәжілісте ҚҚАҚЖК кафедрасының бастығы полиция полковнигі М.Шалғымбаев, Қостанай облысы бойынша қылмыстық-атқару инспекцияларымен жетекшілік бойынша ұйым бастығының міндетін атқарушы, әділет подполковнигі М.Мергенов, ҚҚАҚЖК кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты отставкадегі полиция полковнигі И.Слепцов, Қостанай қалалық қылмыстық-атқару инспекциясы бөлім бастығы әділет подполковнигі Е.Кокиев, Қостанай облысы бойынша қылмыстық-атқару инспекцияларына басшылық етуді ұйымдастыру тобының аға инспекторы, әділет капитаны И.Шодорова, ҚҚАҚ және К кафедрасының аға оқытушысы полиция майоры Г.Кажикова сөз сөйледі.

Кафедра профессоры И.Слепцовтың жаңадан қабылданған заңнама туралы пікірі айтарлықтай қызығушылық танытты, ол қабылданған заңнамаға, сонымен қатар ведомстволық нормативтік актілерге енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жайында айтып кетті.

Тәжірибелі қызметкерлердің ойынша, қазіргі таңда жазаны өтеу барысында, сонымен қатар жазаны өткеріп болғаннан кейін де жасалатын қайталама қылмыстар үлкен мәселе туындатып отыр. Тәжірибе көрсеткендей, қылмыстарды тұрғылықты мекенжайы жоқ, тұрақты жұмысы жоқ есепте тұрған тұлғалар жасайды. Есепте тұрған тұлғалар тарапынан қылмыстардың қайталануының себептері: сотталғандардың құқықтық санасының төмендігі; ҚАИ есепте тұрғандардың 60% Қазақстан Республикасының бір аумағынан

екінші аумағына жұмыс табу мақсатында көшіп жүруі; тұрмысының; ортасының нашарлығы; есірткіге тәуелділігі және спирттік ішімдікке салынуы; кешкі немесе түнгі уақытта құқық бұзушылықтар жасауы; жазаларын тіркелген жері емес, нақты тұрғылықты жері бойынша (жалға алған пәтерлерде) өткеруі; сотталғандарды және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандарды жұмыспен қамтуға квоталардың аз бөлінуі болып табылады.

Әділет подполковнигі М.Мергеновтің айтуынша, пробация қызметінің штаттық құрамына жоғарыда аталған санаттағы тұлғалармен жұмыс жасау үшін, тұлғасын зерттеу үшін және есепте тұрған тұлғалардың қайта құқық бұзушылық жасауының алдын алу және болдырмау мақсатында білікті психолог мамандарды енгізу қажет.

Ал әділет капитаны И.Шодорова есепке алынатын тұлғаларға тәрбиелік алдын-алу шараларын күшейту мақсатында, оларды пробация қызметінің есебіне алу кезінде алғашқы әңгімелесуге баса назар аударып, оларға сотпен тағайындалған міндеттерін түсіндіріп, сонымен қатар, одан әрі алдын-алу әңгімелерін жүргізгенде сотталғанның жеке тұлғасын оқу қажет деген ойын білдіреді. Оларды қайталап құқықбұзушылық жасамауға және де іс-әрекеттерін түзетуге бағыттау керек. Алдын-алу ісшараларын жүзеге асыру барысында, пробация қызметкерлеріне психологтармен тығыз әрекет етіп, есепте тұрған тұлғалардың мінез ерекшеліктерін, әдеттерін, психологиялық ауытқуларын түбегейлі зерттеу қажет, сонымен қатар теріс әдеттерін, көндіру әдісін қолдана отырып есепке алу керек дейді.

Сонымен қатар Қостанай облысы бойынша ҚАЖД базасында Академия кафедрасының филиалын ұйымдастыру туралы және шығу сабақтарын ұйымдастыру туралы сұрақтар да назардан тыс қалмады.

Пробациялық бақылау мен қылмыстық-атқару инспекциясының жүйесін реформалау мәселелері бойынша сұрақтарды бұдан әрі зерттеу мақсатында болашақта теория мен тәжірибені тығыз байланыстыру қажет деген ортақ пікірге келді.

Қылмыстық, қылмыстық-атқару құқығы және
криминология кафедрасының бастығы
полиция полковнигі
Марат Шалғымбаев